

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын беру және Мамлютка қаласы мен ауылдық округтердің әкімдеріне үміткерлердің таңдаушыларымен кездесулерін өткізу үшін үй-жайды белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімдігінің 2014 жылғы 3 шілдедегі N 251 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 9 шілдеде N 2848 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 51 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 27.02.2018 № 51 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 27-бабы 3-тармағына, 28-бабы 4, 6-тармақтарына, "Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату қағидаларының 29-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мамлют аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен бірге (келісім бойынша) Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының Мамлютка қаласы мен ауылдық округтері әкімдеріне барлық үміткерлер үшін Мамлют ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру орны Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, Мамлютка қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 11 мекенжайы бойынша орналасқан Мамлют № 1 мектеп-гимназиясының акт залында орналасқан стенд белгіленсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының Мамлютка қаласы мен ауылдық округтердің әкімдеріне барлық үміткерлердің таңдаушыларымен Мамлют ауданының аумағында кездесулерді өткізу үшін келісім шарт негізде Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, Мамлютка қаласы, Сәбит

Мұқанов көшесі, 11 мекенжайы бойынша орналасқан Мамлют № 1 мектеп-гимназиясының акт залы берілсін.

3. Осы қаулының орындалуын Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімінің аппарат басшысы Қ.С. Сарбалиновқа жүктелсін.

4. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Мамлют ауданының әкімі

КЕЛІСІЛДІ"

Мамлют аудандық аумақтық

сайлау комиссиясының

төрағасы

3 шілде 2014 жыл

Е. Бекшенов

В. Целуйко